



"Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 08 қыркүйектегі № 216 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 07 қазанда № 2506 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 75 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 25.04.2019 № 75 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Д.Н. Жұмашева) осы қаулының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысының әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Ғ. Нұрғазиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Айдарбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Маңғыстау облысының
білім басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Д.Н. Жұмашева

08 қыркүйек 2014 жыл

"Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ

Ұйымдық-құқықтық нысаны: мемлекеттік мекеме (ММ)

Мемлекеттік меншік түрі: коммуналдық

Құрылтайшысы: Маңғыстау облысының әкімдігі

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000,
Ақтау қаласы, 13 шағын аудан, № 47 ғимарат

1. Жалпы ережелер

1. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі білім саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, Маңғыстау облысы әкімдігінің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 13 шағын аудан, № 47 ғимарат.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде: "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: государственное учреждение "Управление образования Мангистауской области".

10. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Маңғыстау облысының әкімдігі болып табылады.

11. Осы Ереже "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

14. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес анықталады.

2. Маңғыстау облысының білім басқармасының миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы облыс аумағында мектепке дейінгі, орта жалпы, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі мемлекеттік басқару қызметін тиімді іске асыру болып табылады.

16. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеттері:

білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

17. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі оған жүктелген міндеттерге сәйкес заңнамада белгіленген тәртіпте келесідей функцияларды жүзеге асырады:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қамтамасыз етеді;

балаларды арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз етеді;

мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқытуды қамтамасыз етеді;

білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу

бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын солармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құру, қайта ұйымдастыру және тарату бойынша облыс әкімдігіне ұсыныс енгізеді;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту бойынша облыс әкімдігіне ұсыныс енгізеді;

білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып , отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде бір пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

облыс ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметін үйлестіреді;

балаларға облыстық деңгейде жүзеге асырылатын қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауды және қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді;

білім беру мониторингін жүзеге асырады;

кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды;

қамқоршылық кеңестерге жәрдемдеседі;

әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі оған жүктелген міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру кезінде белгіленген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан заңнамамен белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

жарғыларды әзірлеуге және бекіту үшін облыс әкімдігінің отырысына енгізуге;

ағымдық және перспективалық қаржыландыру жоспарларын қарауға және бекітуге;

мүліктердің тиімді пайдаланылуына және сақталуына бақылауды жүзеге асыруға;

ведомстволық бағынысты коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың, коммуналдық мемлекеттік мекемелердің даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарауға, келісуге және бекітуге;

ведомстволық бағынысты коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың, коммуналдық мемлекеттік мекемелердің даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асыруға;

жылдық қаржы есептілігін бекітуге;

ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындардың білім беру, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметтеріне бақылау жасауға;

қалалар мен аудандардың әкімдеріне қалалық және аудандық білім бөлімдерінің басшыларының кандидатурасын ұсынуға және келісуге;

балалардың құқықтарын қорғау және олардың адамгершілік-рухани тәрбиелеу мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға;

өңірдегі балалардың жағдайын жақсарту бойынша балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерімен айналысатын халықаралық, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен бірлескен іс-шаралар өткізуге;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

19. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

"Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер беруге;

бұл жөнінде заңды және жеке тұлғалар ресми сұраныс жасаған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама аясында қажетті материалдар мен ақпаратты беруге;

"Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Маңғыстау облысының білім басқармасының қызметін ұйымдастыру

20. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

21. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы облыс әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

22. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

23. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

өз орынбасарларының, бөлім басшыларының міндеттері мен өкілеттіліктерін анықтайды;

"Маңғыстау облысының білім басқармасы" қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

заңнамада белгіленген тәртіпте "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жазалар береді және көтермелеу шараларын қолданады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұйрықтар шығарады;

"Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

барлық мемлекеттік органдарда және ұйымдарда "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз етеді;

"Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі жұмысқа жеке жауапты болады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

24. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

25. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жанында консультативтік-кеңесші орган ретінде бірінші басшыдан, бірінші басшының орынбасарларынан, "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мамандарынан, сондай-ақ білім беру ұйымдарының басшыларынан, аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларынан тұратын алқа құрылады.

Алқаның дербес құрамын лауазымы бойынша алқа төрағасы болып табылатын "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы бекітеді.

26. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес білім саласындағы ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестерін құрады және олардың қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

4. Маңғыстау облысының білім басқармасының мүлкі

27. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

28. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

31. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысымен жүргізіледі.

32. Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

6. Маңғыстау облысының білім басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату

33. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Маңғыстау облысы әкімдігімен жүзеге асырылады.

Маңғыстау облысының білім басқармасының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған № 1 арнайы балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2. Маңғыстау облысының білім басқармасының "№ 2 арнайы (түзеу) мектебі" мемлекеттік мекемесі;

3. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Ақыл есінің дамуы қалыпты жетілмеген және психикалық дамуы тежелген балаларға арналған № 3 арнайы (түзету) мектебі" мемлекеттік мекемесі;

4. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Есту қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген және сөйлеу тілінде ауыр бұзылыстары бар

балаларға арналған № 4 арнайы балабақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Девианттық мінез-құлықты балаларға арналған облыстық арнайы мектеп интернат" мемлекеттік мекемесі;

6. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Оңалту орталығы" мемлекеттік мекемесі;

7. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Түрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернат" мемлекеттік мекемесі;

8. "Маңғыстау облыстық дарынды балаларға арналған қазақ-түрік мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты" мемлекеттік мекемесі;

9. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Облыстық балалар үйі" мемлекеттік мекемесі;

10. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Балалар баспанасы" мемлекеттік мекемесі;

11. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Облыстық отбасылық үлгідегі балалар ауылы" мемлекеттік мекемесі;

12. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация" мемлекеттік мекемесі;

13. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Шетпе психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті" мемлекеттік мекемесі;

14. Маңғыстау облысы білім басқармасының "Бейнеу психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті" мемлекеттік мекемесі;

15. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Аймақтық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация" мемлекеттік мекемесі;

16. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Жаңаөзен ақыл-есінің қалыпты дамуы жетілмеген және психикалық дамуы тежелген балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп-балабақшасы" мемлекеттік мекемесі;

17. "Маңғыстау облыстық техникалық және кәсіптік білім берудің оқу-әдістемелік кабинеті" мемлекеттік мекемесі;

18. "Маңғыстау облысының кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы" мемлекеттік мекемесі;

19. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Маңғыстау облыстық мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

20 Маңғыстау облысының білім басқармасының "Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған облыстық мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

21. Маңғыстау облысы білім басқармасының "Маңғыстау облысының білім беруді ақпараттандыру оқу-әдістемелік орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

22. Маңғыстау облысы білім басқармасының "Бейнеу политехникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

23. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Дарын" облыстық қосымша білім орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

24. Маңғыстау облысының әкімдігі Маңғыстау облысының білім басқармасының "Маңғыстау политехникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

25. Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының білім басқармасының "Маңғыстау аймақтық дене тәрбиесі орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

26. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

27. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Маңғыстау туризм колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

28. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Маңғыстау энергетикалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

29. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Жаңаөзен мұнай және газ колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

30. Маңғыстау облыстық білім басқармасының "Маңғыстау өнер колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

31. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Жаңаөзен қызмет көрсету және технологиялар колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

32. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

33. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Жетібай кәсіптік колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

34. Маңғыстау облысы білім басқармасының "Маңғыстау техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

35. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Маңғыстау гуманитарлық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

36. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

37. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Мамандандырылған техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

38. Маңғыстау облысының білім басқармасының "Облыстық санаторлық мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК